

**Мектепке дейінгі ұйымның білім беру қызметтерін
№ 38 көрсету шарты**

Мектепке дейінгі ұйымның Жарғысы негізінде әрекет ететін, бұдан әрі «Мектепке дейінгі ұйым» деп аталатын **Bal-Aiym бөбекжай-бақшасы" ЖШС** (мектепке дейінгі ұйымның атауы), атынан басшысы **Ергашова Әсем Алтынбекқызы** мектепке дейінгі ұйым басшысының тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда) бір жағынан, және баланың **Алиасқар Кәусар Нұрланқызы** (баланың тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда) бұдан әрі "ата-ана" деп аталатын ата-анасының (баланың заңды тұлғаларының) біреуі, екінші жағынан

Амиральева Жаксыгуль Абдигазиевна (тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда) (бұдан әрі - Тараптар) арасындағы қарым-қатынастарды анықтау және реттеу мақсатында төмендегілер туралы осы шарт жасалды:

1. Шарттың мәні

1.1. Осы шарт мектепке дейінгі ұйым мен баланың ата-анасы немесе өзге де заңды өкілді арасында баланың мектепке дейінгі ұйымда болған кезеңінде тараптардың құқықтары мен міндеттерін, сондай-ақ тәрбиеленушіні тәрбиелеу мен оқытуға өзара жауапкершілік тетігін белгілей отырып, өзара қарымқатынасты реттейді.

2. Тараптардың құқықтары мен міндеттері

2.1. Мектепке дейінгі ұйым:

- 1) Мектепке дейінгі ұйымның жарғысын және осы шартты сақтауға;
- 2) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 19 маусымдағы № 254 бұйрығымен (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде № 20883 болып тіркелген) бекітілген Мектепке дейінгі білім беру саласында мемлекеттік қызметтер көрсету қағидаларына сәйкес тәрбиеленушілерді қабылдауды іске асыруға;
- 3) «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқуағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде № 29031 болып тіркелген) бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартын, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығымен (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде № 8275 болып тіркелген) бекітілген Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларын, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің м.а. 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығымен (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде № 14235 болып тіркелген) бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасын толық көлемде іске асыруды қамтамасыз етуге;
- 4) баланың өмірі мен денсаулығын сақтауды, физикалық, зияткерлік, тұлғалық дамытуды қамтамасыз ететін жағдайлар жасауды, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің м.а. 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығымен (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде № 14235 болып тіркелген) бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын игеруді, сапалы мектепалды даярлықты, теңгерімді тамақтануды, мүлкті сақтауды қамтамасыз етуге;
- 5) баланың іс-әрекетін оның жеке және жас ерекшеліктері мен мүмкіндіктеріне сәйкес ұйымдастыруға;
- 6) баланың бес күндік, алты күндік (керегін сызу) мектепке дейінгі ұйымға сағ. 17:00 - 18:30 дейін бару кестесін жасауға;
- 7) тәрбиеленуші ауырған, денсаулық сақтау және басқа ұйымдарда емделген, сауықтырылған, денсаулығын түзеткен және оңалтылған (көрсетілімі бойынша анықтама және қорытынды ұсынған жағдайда) кезде, сондай-ақ тәрбиеленушінің ата-анасының бірі немесе заңды өкілі тәрбиеленушінің жылына екі айдан артық емес мерзімде демалысқа немесе емделуге жазбаша өтініш ұсынған жағдайда, елді мекенде төтенше жағдай (әлеуметтік, табиғи, техногенді сипаттағы төтенше жағдайлар), карантин енгізілген кезеңде баланың орнын сақтауға;

8) баланы тәрбиелеу мен оқыту мәселелерінде ата-анаға консультациялық көмек көрсетуге;

9) ағымдағы жылғы 1-31 тамыз аралығында тәрбиеленушінің ағымдағы күнтізбелік жылда толық жасқа жетуін ескере отырып, тәрбиеленушілерді бір жас тобынан екіншісіне ауыстыруға;

10) мектепалды даярлық бағдарламасын өткен тәрбиеленушілерді мектепке дейінгі ұйымнан жыл сайын 1 тамызға дейін шығаруға;

11) Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 9 шілдедегі № ҚР ДСМ-59 бұйрығына (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде № 23469 болып тіркелген) сәйкес «Мектепке дейінгі ұйымдарға және сәбилер үйлеріне қойылатын санитариялық -эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларының талаптарын сақтауға;

12) тәрбиеленушінің ата-анасына немесе заңды өкіліне құрмет көрсетуге міндетті.

2.2. Мектепке дейінгі ұйым:

1) жұмыс және демалыс күндері тәрбиеленушілер үшін білім беру, сауықтыру сипатындағы қосымша ақылы қызметтер көрсетуге;

2) мектепке дейінгі ұйым мен тәрбиеленушінің ата-анасының немесе өзге де заңды өкілінің арасындағы шарттың талаптары бұзылғанда, тәрбиеленуші бір айдан астам дәлелсіз себеппен және әкімшілікке ескертпей, мектепке дейінгі ұйымға келмеген, дәрігерлік консультациялық комиссия анықтамасының негізінде тәрбиеленушінің келуіне кедергі болатын медициналық қарсы көрсетілімдер болған жағдайларда мектепке дейінгі ұйымнан шығаруға;

3) ата-анаға екі тараптың келісімі бойынша мектепке дейінгі ұйымда баланың тамақтануы үшін төлемді кейінге қалдыруға;

4) баланы алкогольдік немесе есірткіге мас болу күйіндегі ата-анасына немесе заңды өкіліне, сондай-ақ кәмелеттік жасқа толмаған жақын туысына бермеуге;

5) ата-ана осы шартта көзделген міндеттерді жүйелі түрде орындамаған кезде бұл туралы ата-ананы күнтізбелік 10 (он) күннен кешіктірмей хабардар ете отырып, мерзімінен бұрын шартты бұзуға;

6) өндірістік қажеттілік болған жағдайда топтарды біріктіруге құқылы.

2.3. Ата-ана:

1) Жарғыда белгіленген ережелерді орындауға, осы шарттың талаптарын сақтауға;

2) баланың тамақтануы үшін **жеті мың теңге** теңге мөлшерінде ағымдағы айға әр айдың 5-не дейін ақы төлеуге;

3) баланы тәрбиешіге өзі тапсыруға және өзі алуға;

4) баланы мектепке дейінгі ұйымнан алуды алкогольдік немесе есірткіге мас болу күйіндегі, сондай-ақ кәмелеттік жасқа толмаған жақын туысына тапсырмауға;

5) баланың бармайтыны туралы мектепке дейінгі ұйымды алдын ала хабардар етуге;

6) суық тию немесе жұқпалы ауруларды басқа тәрбиеленушілердің арасында таратпау үшін ауру белгілері бар баланы мектепке дейінгі ұйымға әкелмеуге;

7) мектепке дейінгі ұйымды себепсіз босатпауға, бала сырқаттанып, мектепке дейінгі ұйымға үш және одан да артық күн бармаған жағдайда тұрғылықты жері бойынша медициналық ұйым берген медициналық анықтаманы ұсынуға;

8) педагогтерге және қызметкерлерге өздерінің лауазымдық міндеттерін орындауда құрмет көрсетуге;

9) тәрбиелеу мен оқытудың барлық мәселелері бойынша мектепке дейінгі ұйыммен өзара іс-қимыл жасауға;

10) баланың және басқа балалардың денсаулығына және өміріне қауіп келтіретін мәселелерді жасырмауға;

11) баланың қызығушылықтарын ескере отырып, әдептілікке, төзімділікке және ұлтаралық келісімге, кибермәдениет пен кибергигиенаны тәрбиелеуге;

12) баланың қажеттіліктерін ескере отырып, мобильді құрылғыларды қолдануды шектеу мүмкіндіктерін қарастыруға;

13) баласының мектепке дейінгі ұйымға баруын қамтамасыз етуге міндетті.

2.4. Ата-ана:

1) балалармен жүргізілетін жұмысты жақсарту және мектепке дейінгі ұйымда қосымша қызмет түрлерін ұйымдастыру бойынша ұсыныс жасауға;

2) баланың мектепке дейінгі ұйымдағы жағдайға бейімделу кезеңінде екі тараптың келісуімен белгілі уақыт ішінде мектепке дейінгі ұйымда болуға;

3) екі тараптың келісімі бойынша баланың тамақтануы үшін төлемді белгіленген мерзімнен 5 (бес) жұмыс күні ішінде кейінге қалдыруға;

4) осы шарт талаптарының орындалуын талап етуге;

5) мектепке дейінгі ұйымды алдын ала 10 (он) күнтізбелік күннен кеші емес уақытта ескертіп, осы шартты бір жақты бұзуға құқылы.

3. Білім беру қызметін көрсету ақысының мөлшері және төлеу тәртібі

Баланың тамақтануы үшін **жеті мың теңге** теңге сомасындағы ата-ананың төлемі ай сайын ағымдағы айдың 5-не дейін төленеді. Тәрбиеленуші ауырғанда, денсаулық сақтау және басқа ұйымдарда емделгенде, сауықтыру кезінде, денсаулығын түзеткенде және оңалту кезінде (көрсетілімі бойынша анықтама және қорытынды ұсынған жағдайда); сондай-ақ тәрбиеленушінің ата-анасының бірі немесе заңды өкілі тәрбиеленушінің жылына екі айдан артық емес мерзімдегі демалысына немесе емделуіне жазбаша өтініш ұсынған кезде ағымдағы айдың ақысы төленіп қойған жағдайда баланың нақты келген күндерінің саны бойынша қайта есептеу келесі айдың басында жүргізіледі және төлем туралы түбіртекке енгізіледі.

4. Тараптардың жауапкершілігі

Осы шартта көзделген міндеттемелерді орындамағаны немесе тиесілі орындамағаны үшін тараптар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауапты болады.

5. Дауларды шешу тәртібі

1) осы шартты орындау процесінде туындаған келіспеушіліктер мен дауларды өзара қолайлы шешімдерге келу мақсатында тараптар тікелей өздері шешеді;

2) тараптар арасында келіссөздер, өзара әзірленген қолайлы шешімдер жолымен шешілмеген мәселелер Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес шешіледі.

6. Форс-мажор

1) су тасқыны, өрт, басқа табиғи апаттар, соғыс немесе соғыс қимылдары сияқты форс-мажорлық жағдай кезінде, сондай-ақ саналы шектерде Тараптардың бақылауына тәуелді болмайтын және шартты жасаудан кейін пайда болған басқа кез келген жағдай кезінде Тараптардың жауапкершілігі басталмайды;

2) билік пен басқару органдарының Тараптардың кем дегенде біреуінің осы

шарттың міндеттемелерін орындауына мүмкіндік бермейтін актілерді қабылдауы да Тараптардың бақылауына тәуелді болмайтын жағдайлар ретінде танылады;

3) Тараптардың міндеттемелерді орындауы форс-мажорлық жағдайлар мен олардың салдарының әрекет ету мерзіміне сәйкестендіріле отырып ауыстырылады.

7. Шарттың әрекет ету мерзімі, талаптарын өзгерту және оны бұзу тәртібі

1) шарт қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді және тараптардың келісімі бойынша ұзартылуы, өзгертілуі, толықтырылуы мүмкін;

2) шартқа өзгерістер, толықтырулар енгізу оған қосымша түрде ресімделеді;

3) шарттың әрекет ету мерзімі **29.08.2024 бастап 29.08.2025 жж.** дейін.

4) Осы шарт әр Тарап үшін бір-бірден 2 данада жасалды.

Тараптардың мекен-жайлары және қолдары:

Мектепке дейінгі ұйым: Bal-Arystan бөбекжай-бақшасы" ЖШС (мектепке дейінгі ұйымның атауы) Мекен-жайы: Рүстембеков №63 Мектепке дейінгі ұйым басшысы: Ергашова Әсем Алтынбекқызы (тегі, аты, әкесінің аты, (болған жағдайда)) Қолы: _____ Мөр (мемлекеттік ұйымдарға), (жеке меншік ұйымдарға - болған жағдайда)	Ата-ана: Амиралиева Жаксыгуль Абдигазиевна (тегі, аты, әкесінің аты, (болған жағдайда)) Мекен-жайы: _____ Төлқұжат деректері: _____ Жұмыс орны: _____ Лауазымы: _____ Байланыс деректері: +7 (705) 932-84-07 Қолы: _____
---	---

ФИО: АМИРАЛИЕВА ЖАКСЫГУЛЬ АБДИГАЗИЕВНА

ИИН:

Дата подписания: 29.08.2024 16:43:23

ФИО: ЕРГАШОВА ӘСЕМ АЛТЫНБЕКҚЫЗЫ

ИИН:

Дата подписания: 29.08.2024 16:45:08